

## Крипто-валюта арқылы табыс табудың 7 жолы және крипто-валютаны сатып алудың тиімді әдістері

А.Р. Тулеубекова<sup>1</sup>, А.Б. Жүніс<sup>2</sup>, О.Ә. Жәнібеков<sup>3</sup>  
<sup>1,2,3</sup>«Қаржы» мамандығы бойынша 3 курс бакалавриат студенттері  
[aidann99@mail.ru](mailto:aidann99@mail.ru), [aiba.zhunus@mail.ru](mailto:aiba.zhunus@mail.ru), [olzhik.077@mail.ru](mailto:olzhik.077@mail.ru)

<sup>1,2,3</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Бұл мақалада крипто-валюта және ол арқылы қалай пайда табуға болатыны және табыс табудың 7 әдіс- тәсілдері көрсетілген, сонымен қатар, электронды ақшаны тиімді сатып алу жолдары зерттелген.

Кілт сөздер: экономика, крипто-валюта, токен, майнинг, инновация, арбитраж, ісо.

Ертеден- ақ халқымыз жеті санында сиқырлы күш бар деген тұжырымға келген. Жеті санын киелі деп санап, қастерлеген. Сол себептен, көптеген табиғат құбылыстарын, аспан денелерін, сонымен қатар, ата- заңдарын жеті санымен белгілеген. Осыған орай біздің мақаламыздың тақырыбы «Криптовалюта арқылы табыс табудың 7 жолы» деп аталады. Кез келген экономикалық нарықта тәуекелдер туралы ереже қалыптасқан. Яғни, тәуекелдер неғұрлым көп болса, табыс та соншалықты көп болады. Криптовалюта деген не? Грек тілінен аударғанда «крипто» сөзі – құпия, жасырын деген мағынаны білдіреді. Төлем бірлігінің бұл түрі өзгертуге келмейтін таңбалар жиынтығынан, яғни математикалық алгоритмдер арқылы шешілген әріптер мен сандардан тұрады. Түсінікті тілде криптовалютаны «цифрлы ақша» немесе «электронды ақша» деуге болады. Бұл ақшаның физикалық баламасы жоқ, сондықтан ол виртуалды кеңістікте ғана жүреді. Крипто-валюта табыстылығы жоғары болған сайын, қауіпте жоғарылай бастайды. Қазіргі кезде крипто-валюта төңірегінде болып жатқан жаңалықтарды жоққа шығаруға болмайды. Бұл біздің болашағымыз! Инновация! Еске ала кетсек, ұялы телефон немесе ғаламтордың пайда болуы да адамдардың бойында сенімсіздік ұялатқан еді. Ал, қазіргі уақытта біз осы құрылғыларсыз өмірімізді елестете алмаймыз.

Крипто-валюта экономикаға және тікелей өмірімізге көп өзгерістер алып келеді деп есептейміз. Сол себептен, болашаққа дайын болып, қазірден бастап, криптовалюта арқылы табыс табудың жолдарын іздеу керек. Криптовалюта арқылы табыс табудың 7 жолы:

Бірінші әдіс – «Майнинг» деп аталмақ. Крипто-валюта өндіру компьютерлерде немесе интернетке қосылған арнайы жабдықтарда бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылатын процесс болып табылады. Осылайша, өз жабдықтарында крипто-валютаны алуды шешкен адам ол өндіретін крипто-валютасының орталықсыздандырылған жүйесінің бөлігіне кіреді. Жүйе транзакцияларды жүргізу үшін белгілі бір деңгейде қуат алады, ал өндірушіге осы жүйенің крипто-валютасы есептелінеді.

Қазіргі уақытта майнинг өте танымал. Көптеген алып мемлекеттердің қарамағында ірі зауыттардың кең ауқымы бар. Мыңдаған шаршы метрде арнайы салынған орындарда крипто-валютаны өндіру жүзеге асырылады. Оның жүйесін қолдау арқылы көптеген есептеу техникасы жұмыс істейді, сонында крипто-валюта алынады. Майнингпен кез келген компьютерде айналысуға болады, бірақ, қуатты бейне карталарын жинау үшін арнайы жиналған компьютерлерде, немесе крипто-валюта өндіру үшін арналған зауыттарда арнайы құрылған "Асик"деп аталатын жабдықтарда өндірген дұрыс болады.

Екінші әдіс - «қысқа мерзімде крипто-валютасын сатып алу мақсатында оны қайта сату», яғни бұл процесс бір апта аралығында жүзеге асуы тиіс. Бұл жерде пайда табу үшін адам бойында биржадағы сауда- саттыққа қатысты білімі мен дағдысы болу керек. Бұл жағдайда біздің міндетіміз крипто-валютасының құнын қалай өзгертетінін болжамдау арқылы пайда табу. Баға жоғарыға көтерілгенше дейін сатып алу және баға төменге түскенше дейін сату болып табылады.

Үшінші әдіс - «Тиісінше бағаның өсуі немесе төмендеуі арқылы крипто-валютаны сату немесе сатып алу». Биржаларда бұл маржиналдық сауда деп те аталады. Техникалық жағынан, осындай мәмілені аша отырып, сіз өз қаражатыңыздың бөлігін пайдалана отырып биржадан қалған 50% сомада қарызға крипто-валютасын аласыз. Оны ағымдағы бағам бойынша сатып аласыз немесе сатасыз. Крипто валютасының құнына бағам көтерілгеннен кейін немесе төмендегеннен кейін (сіз ашқан позицияға байланысты), оны сатасыз немесе сатып аласыз және крипто-валютасын сатып алу мақсатында алған міндеттеменізді биржада төлейсіз, ал құндағы айырмашылықты өзіңізге

қалдырасыз, бұл сіздің пайдаңыз деп есептелінеді. Бірақ егер крипто-валюта құны сіздің пайдаңызға өзгермесе, сіз биржаға айырмашылықты төлеуге міндеттісіз.

Төртінші әдіс - «Крипто валютасына ұзақ мерзімді негізінде салым жасау». Бұл әдіс кезінде инвестор 4- 6 ай немесе одан да көп ай ішінде жинақтарды сақтау және көбейту мақсатында крипто-валютасын сатып алуға ақша салады. Соңғы жылда крипто экономиканың үлкен өсуін ескере отырып, бұл әдіс инвестордың капиталын осы мерзім ішінде бірнеше есе арттыра алады.

Бесінші әдіс - «Биржалар арасындағы арбитраж». Бұл әдістің негізі төмен болатын бір биржада крипто-валютаны сатып алып, одан кейін бағамы қымбат болатын басқа сату аянда сатудан тұрады. Тұрақты кезеңдерде айырбастау бағамдарының айырмашылығы шамалы болады, бірақ күрт өсу немесе күрт төмендеу кезеңдерінде айырмашылық айтарлықтай болуы мүмкін.

Алтыншы әдіс - «Сенімді басқару» деп аталады. Бұл жағдайда сіз өз активтеріңізді қарапайым ақша есебіндегі немесе крипто-валюта түрінде биржада өз клиенттері үшін сауда жасайтын қорға бересіз. Мұндай жағдайларда сіз крипто-валютаны қашан сатып алу немесе сату жайлы ойламайсыз, сіз үшін өз қаражатыңызды сеніп қор әрекет етеді. Өз кезегінде, қор өз қызметтері үшін пайда ретінде пайыз түріндегі табысты алады.

Жетінші әдіс – «ICO-да крипто-валютаны сатып алу». ICO - бұл криптовалюта сатудың негізгі ұсынысы. Осы кезеңде жобалар әзірлену үстінде болуы мүмкін. Осылайша, оны одан әрі іске асыру үшін жасаушылар өз жобаларына инвестиция тартады. ICO сатысында белгілі бір мөлшерде крипто-валюта шығарылады немесе осы кезеңде аталғандай, барлық адамдарға белгіленген бағамен «токендер» сатылады. Болашақта токендер биржаларға орналастырылады, ал инвесторлар олардың құны артады деп күтеді [1].

Криптовалюта электроны ақша болып табылады. Электронды ақшаны тиімді сатып алу жолдары бірнеше әдістер арқылы жүзеге асады :

Бірінші әдіс - «Айырбас сайттарында крипто-валюта сатып алу». Биржалар мен валюта бағамдарын [www.bestchange.ru](http://www.bestchange.ru) сайтында қараған өте ыңғайлы. Ең танымал айырбастау пункті [localbitcoins.net](http://localbitcoins.net) сайты болып табылады. Дәл осы сайтта сіз өзіңізге ыңғайлы сатып алу әдісін таңдай аласыз (банктік карталардан картаға аударымдар, банктік деректемелер т.с.с. қолма-қол ақшаны аудару мүмкіндігі де бар). Бұл сайттағы келісімдердің бәрі жеке тұлғалар арасында жүреді. Сайт өз кезегінде сіздің транзакцияңызды қауіпсіз етуге тырысады. Бұл туралы толығырақ сайттың өзінен білуге болады.

Артықшылықтары: Шотты толтыру үшін биржалардағыдай комиссиялар жоқ, олар 10% немесе одан да көп болуы мүмкін.

Кемшіліктері: Айырбастау бағамы, әдетте, биржалардағы бағаммен салыстырғанда едәуір жоғары және электронды ақша түрлері өте аз.

Екінші әдіс- «Биржада электронды ақшаны сатып алу». Крипто-валютаны биржада сатып алу үшін сіз ең алдымен өзіңізге қажетті биржада тіркелу керексіз. Шотыңызды қол жетімді ыңғайлы әдіспен толтырып, қажет электронды ақша түрін сатып алуыңызға болады.

Артықшылықтары: Сатып алуға арналған криптовалюталардың кең таңдауы болады және айырбастау пунктеріне қарағанда тиімді крипто-валюта бағамы қалыптасқан. Кейбір биржаларда Яндекс сияқты банктік карталардан немесе Qiwi электронды ақша қызметтерінен төлем жасау мүмкіндігі бар.

Кемшіліктері: Шотыңызды ақшаға толтыру үшін комиссия 10% немесе одан да көп мөлшерде болатындығын атап өткен жөн. Ал комиссия төмен болса, сәйкесінше, электронды ақша ставкасы жоғары болады. Сондай-ақ, биржаларда жұмыс істеу үшін жиі тексеруден өту қажет (қажетті құжаттардың сканерін ұсыну арқылы жеке басын растау, оның ішінде, әдетте, төлқұжат, фотосурет паспортпен бірге). Бұл цифрлі ақшаны сатып алу кезінде жасырын қалғысы келетін тұлғалар үшін кемшілік.

Үшінші әдіс - «Достарыңыздан криптовалюта сатып алу». Бұл әдісті пайдалану үшін әлеуметтік желілерге бір немесе басқа суртосуртену сатып алғысы келетіні туралы жарнама орналастыру тиімді болады. Сонымен қатар, сіз өзіңіздің қоршаған ортаңыздан қанша адам оны иеленетінін білесіз.

Артықшылықтары: Биржалардағыдай қажетті құжаттардың сканерін ұсыну арқылы жеке басын растау қажет емес. Айырбастау пунктеріне қарағанда сізді алдап соғу ықтималдығы төменірек. Өзара екіжақты тиімді бағада сату және сатып - алу жайлы келісімге келуге болады. Бұл әдіс бірінші транзакция үшін қолайлы. Аз мөлшерде крипто-валютаны иемденуге жақсы.

Кемшіліктері: Осы әдісті көп мөлшерде электронды ақша сатып алған кезде пайдалана алмайсыз. Анонимділік жоғалады. Сатып алуға болатын электронды ақшаның шектеулі түрлері ғана болады [2].

Қорыта келе, криптовалюта «цифрлы ақша» немесе «электронды ақша» болып табылады. Бұл ақшаның физикалық баламасы жоқ, сондықтан ол виртуалды кеңістікте ғана жүреді. Қазіргі кезде крипто-валюта бұл біздің болашағымыз! Инновация! Крипто-валюта экономикаға және тікелей өмірімізге көп өзгерістер алып келеді деп есептейміз. Сол себептен, болашаққа дайын болып, қазірден бастап, криптовалюта арқылы табыс табудың жолдарын аталған әдстерді тиімді пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://inbusiness.kz/kz/news/kogamga-kriptoalyuta-kazhet>
2. [https://localbitcoins.net/instantbitcoins/?action=buy&country\\_code=KZ&amount=0%2C25&currency=KZT&place\\_country=KZ&online\\_provider=ALL\\_ONLINE&findoffers=%D0%9F%D0%BE%D0%B8%D1%81%D0%BA](https://localbitcoins.net/instantbitcoins/?action=buy&country_code=KZ&amount=0%2C25&currency=KZT&place_country=KZ&online_provider=ALL_ONLINE&findoffers=%D0%9F%D0%BE%D0%B8%D1%81%D0%BA)

### Banking Messages Exchange System

S.S. Toktassova<sup>1</sup>, A.T. Zhanseitov<sup>2</sup>  
<sup>1</sup>2<sup>nd</sup> year student of studying in specialty “Finance”  
<sup>2</sup>Scientific supervisor – MSc, lecturer  
[toktasovas@gmail.com](mailto:toktasovas@gmail.com)

<sup>1,2</sup>Karaganda State University named after academician E.A. Buketov, Karaganda

Annotation: Bank Message Exchange System is an alternative of international SWIFT system in Kazakhstan created in 2018. BMES is a vast messaging network used by banks and other financial institutions to quickly, accurately, and securely send and receive information, such as money transfer institution.

Key words: Banking Messages Exchange System (BMES), Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunications system (SWIFT), financial transactions.

Nowadays there are a lot of easiest ways to transfer money from one bank to another or even overseas without need to walk into a bank. One of this way is Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunications (SWIFT) system. It helps not only send payment orders but also provides a network between financial institutions worldwide to send and receive financial transactions and information about them in a secure, standardized and reliable environment.

SWIFT system was created in Brussels in 1973 and was accepted by 239 banks in fifteen countries. Every day, nearly 10,000 SWIFT member institutions send approximately 24 million messages on the network. Even though SWIFT system is used worldwide, some countries decided to found their own financial banking telecommunications. It has happened because system is prone to be under the demands of the United States, meaning that if US request SWIFT services drop from dealing with specific banks or even countries, the network will typically follow suit. This has become increasingly politicized, what ought to be a payments network system has ended up being a service that will do as requested and be driven by US economic and trade policy. This has happened when Washington issued sanctions against countries like Russia, also Iran, Turkey, Cuba and others. Over 11,000 financial institutions in more than 200 countries are connected to the network, meaning that when Washington uses it to cut financial transaction ability the impact is immediate and global.

That’s why such countries as Russia and China had created alternatives for SWIFT system. In Russia, for example, it calls SPFS, or System for Transfer of Financial Messages, and have been existed since 2014. Another alternative is China’s CIPS, or China International Payment System which was founded a year later than Russian SPFS, in 2015.

In 2017, the President of Kazakhstan accepted the state program “Digital Kazakhstan”, the purpose of which is to accelerate the pace of development of the economy of the country as well as improve the quality of life of the population through the use of digital technologies. The program consists of five key areas, major of them is “Digitalization of economic sector”. The digitalization process goes along in all sectors of the economy and more actively and efficiently – in the financial sector.